

2012 жылға әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру туралы

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 13 ақпандағы № 25-қ қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 07 наурызда № 11-7-112 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 27 тамыздағы № 972 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы», 2011 жылғы 31 наурыздағы № 316 «Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын бекіту туралы» қаулыларына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылға халықтың нысаналы топтарына арналған әлеуметтік жұмыс орындарын беруші немесе құрушы шаруашылық субъектілерінің тізімі және еңбек ақы мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Мұнайлы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» (әрі қарай - уәкілетті орган) мемлекеттік мекемесі жұмыс орындарын құру туралы жұмыс берушілермен келісім шарт жасасын.

3. Уәкілетті органның жолдамасына сәйкес келісім шарт жасаған ұйым және кәсіпорын басшылары әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т. Асауовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Е.Әбілов

« К Е Л І С І Л Д І »

Тұманбаева Жаңыл Кемелқызы
«Мұнайлы аудандық жұмыспен
қамту және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы

13 ақпан 2012 ж.

Толыбаева Алмагүл Мұхамедқызы
«Мұнайлы аудандық экономика

13 ақпан 2012 ж.

Мұнайлы ауданы әкімдігінің
 13 ақпан 2012 ж.
 № 25-қ қаулысына қосымша

2012 жылға халықтың нысаналы топтарына арналған әлеуметтік жұмыс орындарын беруші немесе құрушы шаруашылық субъектілерінің тізімі және еңбек ақы мөлшері

№	Шаруашылық субъектілер атауы	Кәсіп-тердің (лауазымдар) атауы	Әлеумет-тік жұмыс орындарының саны (адам)	Бір адамға төленетін еңбек ақы мөлшері (теңге)	Жұмыс мерзімі	Қаржылан-дыру көзі
1	«Мұнайлы-Қызмет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Аула тазалау-шы	77	17 439	12 ай	Жергілік-ті бюджет
2	Жеке кәсіпкер «Шишов»	Суретші әрлеуші	3	17 439	12 ай	Жергілікті бюджет
Барлығы:			80			

Мұнайлы ауданы әкімдігінің
 13 ақпан 2012 ж.
 № 25-қ қаулысына қосымша 2

2012 жылға халықтың нысаналы топтарына арналған әлеуметтік жұмыс орындарын беруші немесе құрушы шаруашылық субъектілерінің тізімі және еңбек ақы мөлшері

Ескерту. 2 қосымшамен толықтырылды - Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2012.04.20 № 113-қ (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Шаруашылық субъектілер атауы	Кәсіп-тердің (лауазымдар) атауы	Әлеумет-тік жұмыс орындарының саны (адам)	Бір адамға төленетін еңбек ақы мөлшері (теңге)	Жұмыс мерзімі	Қаржылан-дыру көзі
1	«Казпочта» акционерлік қоғамының Маңғыстау облыстық филиалы	Хат тасушы	6	17 439	12 ай	Жергілік-ті бюджет
2	Маңғыстау Жылу» мемлекеттік қомunalдық кәсіпорны	Есепші көмекші-сі	1	17 439	12 ай	Жергілік-ті бюджет

3	«Мұнайлы Қызмет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	А у л а тазалау-шы	13	17 439	12 ай	Жергілік-ті бюджет
Барлығы			20			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК